

зандылық. Бұл дәстүр - қазақтың ең терең, ең қасиетті ұлттық коды. Оны білу - ата-баба алдындағы құрмет, оны сақтау - келешек ұрпақ алдындағы парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кекілбайұлы Ә. Жеті хикая. -Алматы: Өлке баспасы, 2018. -320 бет.
2. Тынышбайұлы, М. Қазақ халқының тарихы. -Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2010.-229 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-басылым, Астана: Алтын кітап, 2007. -272 бет.
4. Рашид ад-Дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық. 1 том.-Астана, 2024. -620 бет.
5. Диваев Ә. Қазақтың халықтық әдет-ғұрыптары. Алматы, 1992. -256 бет.

XVIII - XIX ҒАСЫРЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІНІҢ АТЫС ҚАРУМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚОРҒАНЫС ТАКТИКАСЫ

Кисанов Ш.Е.

Ғылыми жетекші: Ph.D докторы Дюсупова С.Т.
Астана Халықаралық Университеті
news12853@gmail.com
Астана

XVIII-XIX ғасырлар қазақ халқының әскери өнері түбегейлі өзгерістерге ұшыраған дәуір болды. Бұл кезеңде от қаруының (мылтық, зеңбірек) кеңінен таралуы дәстүрлі атты әскердің тактикасына жаңа сипат енгізді. Қазақ жасақтарының қорғаныс және шабуыл тәсілдері, сондай-ақ жаяу соғысу мәдениеті қалыптаса бастады. Көшпелі соғыс өнерінің жаңа заман талаптарына бейімделуі қазақ халқының әскери ойлау жүйесінің дамуын және мемлекеттілікті сақтау жолындағы күрес тәжірибесін айқын көрсетеді.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әскеріндегі әскери тактикалардың өзгеруі атыс қаруларын пайдалануына байланысты өзгерістерге ұшырады. Бұл қазақ әскерінің қорғаныстағы мықты тұстарының бейнесі ретінде сипатталады.

XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әскерлерінің қарулануына назар аудару, пайда болған немесе ортақтасылған әскери тактикаларды анықтау. *Міндеттері.* XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әскерлерінің тактикаларын зерттеп, орын алған оқиғаларды сипаттау. Бұл қорғаныс тактикалардың ерекшеліктерін ажыратып, қазақ әскерлерінің мықты және әлсіз тұстарын баяндау.

Тарихнамалық шолу. Зерттеу барысында Ахмет Кенесаринның “Султаны Кенесары и Сыздык” еңбегі, Шоқан Уалихановтың шығармалар жинағының төртінші томы, Л.А. Бобров пен Ю.С. Худяковтың *С Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV - первая половина XVIII в.)* еңбектері мен қосымша материалдар қолданылды.

Ортағасыр мен ерте жаңа заманында дәстүрлі атты және жаяу әскер өнері “Оқ дәрі революциясы” Еуразия даласындағы айқас алаңы да заманға сай өзгеріске ұшырауына себепші болды. XVII-XVIII ғасырларда көшпенділердің қолында отырықшы-егінші халықтардың қарулы жетістіктері сәтті қолданыла түсті. Ең жиі айналымға енгізген көшпенділердің ішінде жоңғарлар ауыр атты найзашылар мен жаяу атқыштар мен найзашыларды Орталық Азияда ең мықты әскери күшке айналдырды.

Бірақ та жоңғарлар Ұлы далада жалғыз көшпенділердің дәстүрлі әскери өнері мен Жаңа заманның әскери-саяси жағдайына адаптациялай алды. XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ әскерінің қарулануындағы арсенал жергілікті және орталық азиялық ұсталарның қолынан шыққан. Қазақ даласы XVI аяғы мен XIX ғасырдың ортасы бұл жағдайдың көрнекі үлгісі болды. Қазақтардың әскеріндегі модернизациясында басты элемент ретінде айқас алаңына жаяу әскерге атыс қарудың кең таралуы болды. Көшпенділер үшін өздерінің қару өндірісін ұйымдастыру бойынша қиындықтар туындаған. Осыған орай қазақ хандары геосаяси жағдайын қолданған. Оңтүстік аймақтағы қазақтар - Орталық Азия отырықшы-егіншілері, ұсталары көшпенділерге қарулардың алуан түрлерін сатқан. Бұхара, Хиуа, Ташкент және басқада қалалардың ұсталары атыс қару өнерін менгеріп, қазақ даласына белсенді түрде сатқан. Ал XVII ғасырдың бірінші жартысында бұндай тауар өндірісі қазақ хандарының астанасы Түркістанда да орын алды [1, б. 107]. XVIII ғасырдың бірінші жартысы - XIX ғасырда қазақ

қаруының қатары жергілікті, орталық азиялық кең таралғанымен де, ресейлік, ирандық, ойраттық, кей жағдайларында цин өндірісінің қарулары енген.

Өз аймағында қазақ әскері атыс қаруды ерте қолданысқа енгізе бастағанымен де кең таралмай, саны шектеулі болғанымен де түрлеріне сай бөлінген. Шоқан Уәлиханов бұл туралы ескере отырып, атай кеткен: *көз кеш, күлдір мамыр*. Онымен қоса кейбір қазақ сұлтандары ауыр және ұзын ортаазиялық шамгал/самқал мылтықтары 700 адым арақашықтыққа дейін жете алған [2, б. 37-38].

Жаяу әскердің ұрыс аланындағы тактикасы қорғану. Заттай деректер, фольклор, жазба деректер мен бейнеленген деректерден біздің біле алатынымыз қазақ әскерінде жаяу әскердің қорғаныс тактикаларының түрлерін қолданғанын біле аламыз. Көп жағдайда қазақ әскері табиғи рельеф пен атты жасақтарға негізделген.

Ашық Дешті-Қапшақ даласында жаяу атыс қарулы әскер үшін әрине эффективті болуы үшін де оларды қолдап-бүркейтін мықты күш, атты әскер мен(немесе) найзашылар керек. Бұндай қолдау болмаған атқыштар жаудың дереу қысымына ұшыраған болатын. Мысалы ретінде Орал және Сібір казактарының жаяу әскерлік тактикасын Орта жүз қазақтарымен салыстыра отырып, генерал-майор Г.М. Броневский соңғылары (қазақтар) оралдықтар мен сібірліктердің дұрыс саппен шабуылдаған жаяу соққысына төтеп бере алмайтынын атап өтеді: *«Казактар олармен қақтығыстарда әрдайым дәл атқан оқтарымен қарсыластың екпінін тоқтатуға тырысады, содан кейін ең тұзу сап түзеп шабуылға өтеді: казактардың соққысының нәтижесі күмәнсіз. Бұл казактардың қырғыздардан (қазақтардан) артықшылығы соншалық, олар он қарсыласқа қарсы жалғыз сеніммен шығады»*. А.И. Левшин (1832) жылдары айқас аланында қазақ әскерінің қорғаныс тәсілдерінің кемшіліктерін де айта кеткен болатын: *“Егер жаяулау керек жағдай орын алғанда тіптен қорғанада алмайды”* [3, б. 68]. Бұл қазақ әскерінің қорғану тактикасына деген сырттай, нақтырақ айтқанда ресей зерттеушілерінің куәгерліктері болған.

Ор қазу тактикасы. Орталық Азия кеңістігінде жүргізілген соғыстарда ор қазу және траншеялық соғыс тәсілдері кең тараман. Себебі далада соғысушы атты әскер мұндай бекіністерді айналып өтіп, қарсыластың тылына соққы беру мүмкіндігіне ие еді. Дегенмен, кей жағдайларда ор мен траншея жүйелері қорғаныс мақсатында - әсіресе қамалдарды немесе қорғанған қоныстарды қоршау кезінде - қолданылған. Өзбек қолбасшылары XVI-XIX ғасырларда қарсыластың қамалдарын осылайша орлармен қоршап, тіпті цитадельге дейін жететін қазбалар салғаны жөнінде деректер бар [4, б. 224].

XVI-XVII ғасырларда бұл тәсіл тек қамал қоршауда ғана емес, кейде дала ұрыстарында да пайдаланылған. Таулы және шатқалды аймақтарда орға бекінген жаяу әскер мықты атты қарсыластармен де тиімді соғыса алған. Мұның айқын мысалы - 1643 жылғы Орбұлақ шайқасы. Сол ұрыста тар әрі таулы өңірде шоғырланған үш жүздей қазақ жауынгері мылтықпен қаруланып, тікелей шабуылға шыққан мыңдаған ойрат атты әскерін тоқтата алған. Ал Жәңгір сұлтан бастаған 300 жауынгер қарсыласты тыл жағынан соққыға жыққан. Бұл жағдай ор мен табиғи бедерді дұрыс пайдаланудың маңызын дәлелдейді [4, б. 169]. Ор қазу тактикасының түп-тамыры Мауереннахр аймағында XVI ғасырда кеңінен қолданылған әскери әдістерден бастау алғанымен, қазақ әскери дәстүрінде бұл тәсіл жаппай таралмаған. Дала соғыстарының қозғалысты сипаты ор мен бекініске сүйенген қорғанысқа қолайлы болмады. Осыдан байқайтынымыз, ор қазып атысу XIX ғасырдағы еуропа соғыстарында, кейін бірінші дүниежүзілік соғыста ғана орын алмай Ұлы далада да орын алды.

Жанды қамал және найзашылар (пикинерлар) мен атқыштар. XVIII ғасырдағы қазақ көшпелілерінің қорғаныс ұрысында пешек тәртіпте жиі қолданған тактикалық тәсілдерінің бірі - «Жылқылардан жерге жатқызылған шеңбер» және «Түйе қамалы» болатын. Мұндай «тірі қамалды» ұйымдастыру үшін жылқылар мен түйелердің аяқтарын буып, оларды жерге жатқызып, үлкен шеңбер - «шеңбер» жасау керек еді (кейде овал немесе төртбұрыш түріндегі құрылымдар да қолданылған). Жануарлардың денелері арнайы ағаш қалқандармен, киізбен, түйіншектермен және т.б. жабылған. Егер алдыңғы, артқы немесе қаптал жақтан жартастар, орман, өзен сияқты табиғи қалқалау болса, онда толық шеңбердің орнына оның элементтері (жарты шеңбер, жарты овал, сызық және т.б.) қолданылған.

«Жанды қамалды» құрайтын жылқылар мен түйелердің саны бірнеше ондағаннан бірнеше мыңға дейін өзгеруі мүмкін еді. Мысалы, Улан-Бутундағы шайқаста жоңғарлардың «түйе қамалы» 10 мың түйеден тұрған. Кейде қорғаныс үшін өлген жануарлардың денелері де пайдаланылып, олардың үстіне топырақтан бруствер жасалатын. Жылқылар мен түйелердің қалқасында мылтықшылар мен садақшылар жасырынған [1, б. 116].

XVIII ғасырда қазақ әскерінде “жанды қамал” деп аталатын қорғаныс әдісі кең таралды. Бұл тәсіл кезінде жауынгерлер жылқылар мен түйелерді шеңбер етіп жатқызып, олардың денелерін ағаш қалқандармен, киізбен немесе басқа материалдармен жауып, уақытша қорғаныс шебі ретінде пайдаланған. Мұндай әдіс көбінесе барымта немесе тосын шабуыл жағдайларында, жау

қуғыншысының жолын бөгегенде қолданылған. Тарихи деректерде 1726 жылы қалмақ атты әскері қазақ барымташыларын қуып жеткенде, соңғылары осындай “жанды қамал” жасап, төрт тараптан қорғанып, атысқа кіріскені айтылады. Алайда бұл тәсілді пайдалану жеңіл болмаған: жараланған және өлген малдың дауысы, иіс пен ыстық ауа райы жауынгерлердің рухына ауыр әсер еткен. Соған қарамастан, су мен оқ-дәрі жеткілікті болса, мұндай қорған ұзақ уақытқа дейін ұрысты ұстап тұра алған. Кейде қоршаудағылар келіссөзге барып немесе сырттан көмек келгенше қарсылық көрсете білген. Бұл тактика кейінгі дәуірлерде өзбектер мен басқа да дала халықтары арасында да сақталып, тіпті XIX ғасырда Орта Азиядағы жорықтарда орыс әскерлері тарапынан да қолданылғаны белгілі. Байқағанымыз, “жанды қамал” тактикасы XVIII ғасырларда қазақ әскерінде кең таралған әдістерінің бірі болып, XIX ғасырларға дейін қолданысқа ие болған [5, б. 19].

Қорғанды бұзып, «Жанды қамалды» басып алу өте қиын еді. Қазақтарға шабуыл жасағысы келген кез келген адам алдымен кеңдігі шамамен 100-200 м болатын, оқ пен жебе өтетін ашық кеңістіктен өтуге тиіс болды. Одан кейін өлген және тірі жүздеген жылқы мен түйеден құралған «қорған-қалқаннан» асуы керек, содан соң ғана жақсы қаруланған дала жауынгерлерімен қоян-қолтық шайқасқа түсе алатын. Шепке «оралып», бір жерге топтасып алған барымташылар отрядын шабуылмен алу - көп шығынға бару деген сөз еді. Оның үстіне қолға түскен тұтқындарды барымташылар кепіл ретінде пайдаланатын. Әдетте шабуылдаушылар тікелей штурман бас тартып, шайқас жебе мен мылтық қолданылған ұзақ атысқа айналатын. Мұндай жағдайда қарсыластың оғы өтпейтіндей етіп жылқы мен түйе денелерінің тасасында бекінген қоршаудағылардың артықшылығы көп болды [1, б. 117].

XVIII-XIX ғасырларда қазақ әскерлері көбіне қорғаныс кезінде аттан түсіп соғысқан. От қаруының кең таралуы нәтижесінде жаяу әскер атыс кезінде жасырын нүктелерді пайдаланып, тізерлеп немесе жата атып соғысқан. Мұндай әдіс XIX ғасырдағы еуропалық әскери классификация бойынша мергендер мен егерлердің тактикасына ұқсас еді. Қазақ қолбасшылары ұрыс жағдайына қарай ашық (сиретілген) немесе тығыз саптарды қолданған. Тығыз саптарда мылтық атушылар мен найзашылар өзара әрекеттесіп, қарсыластың атты және жаяу бөлімшелеріне қарсы бірлескен қорғаныс құра алған. 1847 жылы Кенесары Қасымұлы қоршаудан шығу кезінде алдымен бес жүз мылтықшыны, артынан жаяу найзашыларды қоюды бұйырғаны туралы дерек бар. Ол өз сөзінде: *«Бес жүз мылтықты бағыттап, ал артта найзашылар болсын, етікім мұндай шепті бұза алмайды»* деген [4, б. 35]. Мылтықшылардың міндеті алыстан қарсыласты әлсірету болса, пикинерлер жақындаған жауға қарсы тұрып, қолма-қол айқас жүргізген. Бұл екі топтың үйлесімді қимылы ұрыста шешуші рөл атқарған.

Онымен қоса, қазақтың мылтық шптелері/фитиль тобылғы шөптерінен жасалған және оқдәрі жағып, отпен тұталып, мылтық оқпанының ұңғысына салынған. Бұндай ұзақ процесс әрине көп уақыт алғаннан осы үшін жауынгер жаяулаған, ал қайта оқталу барысында атқыштарды қорғауға найзашыларды Кенесары Қасымұлы жорықтарында дәстүрлі және жаңа заман технологиясын қосарландыра қолданды.

Қақтығыс кезінде дала жауынгерлері (қазақтар) қарсыластың сапын айналып өтіп, оны қоршауға тырысқан және ұрысты қолма-қол айқасқа жеткізбей, мылтық атудың күшімен қарсы жақтың адам күшіне барынша соққы беруді көздеген. Бұл соғыс тәсілін XVIII ғасырдың ортасында Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ордасында (1735-1737 жж.) болған ағылшын саяхатшысы Д. Кэстль өте әсерлі сипаттаған: *«Қазақтарда қорғаныс не шабуыл жалпы халықтық іс болып саналмайды. Жорыққа негізінен ер адамдар, соның ішінде әсіресе жастар қатысады. Соғыста қазақтар жауды айнала қоршап алуға тырысады, ал қажет болса, аттарынан түсіп, аң аулағандай еңбектеп жақындайды да, дәлдеп атады. Жастарға соғыста әдетте ақсақалдар басшылық етеді, олар ханның бұйрығын орындайды. Әскердің бірлігі мен бағыт-бағдарының белгісі - найзаларға немесе ағаш саптарға байланған тулар»* [4, б. 70].

Мұндай соғыс тәсілі қорғанысқа сүйенген жауға қарсы ең тиімді әдіс саналған. Алайда қарсы жақтың күтпеген қарсы шабуылы (жаяу немесе атты әскердің) жаяу қазақ мергендері үшін едәуір қауіпті болды. Сондықтан алға жылжып келе жатқан мергендерді көбіне жаяу найзашылар мен арттағы атты әскер тобы қорғап отырған. Қазақ қолбасшылары ашық, сирек саптармен қатар, кейде тығыз сап түзеп соғысуды да қолданған. Мұндай жағдайда мылтық атушылар мен найзашылар бірлесе әрекет еткен. Бұл тәсіл жаудың атты немесе жаяу бөлімдерімен бетпе-бет соғыста, сондай-ақ қоршауды бұзып шығу кезінде пайдаланылған. Мысалы, 1847 жылы Кенесары Қасымұлы өз сардарларына қырғыз жасақтарының қоршауынан шығу үшін дәл осындай жаяу сапта соғысу тәсілін ұсынған. Ол: *«...аттарды сойып, етін жиырма жылқыға артып алып жүріңдер. Шегінгенде бір жағымызда Шу өзені болады, ал қалған үш бағытқа бес жүз мылтықты қоямыз. Таңдаулы жігіттердің артында*

біз найзамен жүреміз. Бес жүз мылтықпен қаруланған батыл жаяу жауынгерлерді ешкім жеңе алмайды», - деген.

Қазақ қолбасшыларына келер болсақ, олар мүмкіндігінше сақ және сенімді әдістермен әрекет етуге тырысқан. Жаяу шабуыл жүргізуді қорған-қамал қабырғаларында, атқыштар қолдауымен бетпелбет келген. Мысалы, 1864 жылы Түркістанды қоршау кезінде қазақ жасағы түнгі уақытта жаяу шабуыл жасап, қарсыласты орларынан қуып, 30 мылтық пен құрал-жабдықтарды қолға түсірген. Сол секілді бірнеше күннен кейін тағы да осындай ұрыс жүргізіліп, нәтижесінде 200 қазақ жауынгері қылышпен және қолма-қол соғыс тәсілдерімен тиімді шайқасқан. Бұл қазақ жасақтарының дәлдігі мен төзімділігін көрсетеді. Жаяу жауынгерлер қылышпен қаруланып, қарсыласқа жақын келіп, қолма-қол ұрысқа түсті. Қоқан әскерінің құрамында соғысқан қазақ жасақтары да шайқас кезінде аттарынан түсіп, жаяу соғысқан, ал қоқан қолбасшылары қазақтарға шабуылдаушы әскердің алдыңғы шебінде соғысуды сеніп тапсырған [5, б. 67].

Осылайша, қазақ әскерінің тактикасы ұтқырлық пен жағдайға бейімделу қабілетімен ерекшеленіп, дәстүрлі еуропалық әскери құрылымнан гөрі дала соғысының икемді және тәуекелге негізделген тәсілдерін көрсетеді.

От қаруының жетілдірілуі нәтижесінде мылтықтардың нысаналы қашықтығы мен ату жиілігі біртіндеп артты. Әсіресе, ойық ұңғылы қарудың Еуропа мемлекеттерінің әскери құрамаларында кеңінен қолданылуы бұл үрдісті едәуір жылдамдатты. Осындай жағдайда атты әскердің ашық алаңда шабуыл жасауы барған сайын қауіпті бола түсті. Сонымен қатар, ойық мылтықтардан жүргізілетін үздіксіз және залптық оқ ату қарсыластың шебіне жақындауды едәуір қиындатты. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Ресейдің желілік әскері мен қазақ жасақтарына қарсы соғыстарда қазақ сұлтандары өз жасақтарымен бірге «манталет» деп аталатын жылжымалы дала бекіністерін қолданған. Мұндай қорғаныс құрылғылары шөп, бұта, қамыс және басқа да табиғи материалдар тиелген қос доңғалақты арбалардан тұрды. Кейбір жағдайларда арбалардың қорғаныс қабілетін арттыру үшін ағаш қалқандар орнатылған. Бұл тактика барысында қазақ сарбаздары арбалардың тасасына тығылып, мылтық пен садақ арқылы оқ атқан. Шайқас кезінде олар арбаларды алға итеріп, қарсыластың шебіне барынша жақындай түскен. Шөп пен қамыстан құралған байламдар оқты өткізбей, шабуылдаушыларды қорғаған. Қарсы жақтың қорғаныс шебіне жақындаған сәтте жауынгерлер қалқандардың арасынан шығып, қысқа қашықтықтан оқ жаудырған. Заманауи деректер мен әскери сипаттамаларға сүйенсек, бұл тәсіл қорғаныс позицияларындағы әскерлер үшін айтарлықтай қауіп төндірген. Тарихи мәліметтерде аталмыш «манталет тактикасы» алғаш рет Кенесары Қасымов басқарған жасақтар тарапынан қолданылып, кейінірек Қоқан хандығының әскери қолбасшылары тарапынан да игерілгені көрсетіледі [5, б. 43-57].

Қолданылған мылтық-атыс қарулардың шыққан жері. ХV-ХVІ ғасырлардан бастап атыс қаруының кеңінен таралып, қолданылуы дүниежүзілік ауқымда соғыс ісінің бүкіл эволюциясын түбегейлі өзгертті. Бұл кезең «көшпеліліктің жалпы дағдарысымен» және оның «әскери-саяси саладағы ықпалының төмендеуімен» сипатталады. Қазақстан аумағында атыс қаруының пайда болғаны туралы алғашқы мәліметтер шамамен ХVІ ғасырдың екінші жартысына жатады. Хафиз-и Таныш өзінің «Шараф-наме-йи шахи» атты еңбегінде былай деп жазады: «Олар (яғни, дала тұрғындары - А. Қ.) Даиш (Даиш-и Қыпшақ), Түркістан, Сауран, Ташкент, Әндіжан, Каган аймақтарынан алдын ала жинаған көптеген арбаларды мықты арқанмен, берік бекітіп, соғыс шебінің алдына орналастырды. Солардың ішінде көптеген мылтық (туфанг) атушылар мен сансыз көп садақшылар орналасты.

Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанға атыс қаруы екі түрлі жолмен енген. Біріншіден, дала тұрғындары оны Орта Азия хандықтары мен Ресей мемлекеті арқылы, әскери көмек пен сауда қатынастары нәтижесінде алған. Әсіресе, аймақтағы әскери-саяси жағдай шиеленіскен кезеңдерде бұл үрдіс аса белсенді жүрді. Мысалы, қазақ ханы Тәуекел Бұхар хандарымен соғыс жағдайында болған уақытта, 1594 жылы орыс патшасы Федор Ивановичтен *«от қаруын»* сұраған. 1692 жылы Қазақстандағы орыс өкілі Василий Кобяков *«Олар (қарақалпақтар мен Қазақ ордасының адамдары) мылтықты Бұхарадан сатып алады...»* деп хабарлаған [8, б. 70].

ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы жазба деректерде қазақ мылтығына (мылтық) қатысты жалпы сипаттамалар беріледі. И. Г. Андреев Орта жүз қазақтары туралы былай дейді: *«Оларда атыс қаруы бар, көбінесе түркілер мен қалмақтардың ұзын мылтығы; сондай-ақ олар Ресей порттарынан рұқсатпен қарапайым және винтті мылтықтар да сатып алады; олардың (мылтықтардың) замоқтары болмайды, ал аң мен құсты сирек дәл атады, бірақ мылтықтары жеткілікті».* Басқа дереккөзде *«қазақтардың қаруы - нысаналы және фитиль арқылы атылатын ұсақ калибрлі мылтықтар»* деп көрсетілген [8, б. 70].

ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әскерінің даму тарихы - дәстүрлі көшпелі соғыс өнерінің жаңа заман талаптарына бейімделуінің айқын көрінісі. От қаруының енгізілуі қазақтардың ұрыс жүргізу

тәсілін түбегейлі өзгертті. Мылтықпен қаруланған жаяу әскердің пайда болуы, “жанды қамал” және “манталет” сияқты тактикалардың қолданылуы дала соғысының сипатын жаңартты. Бұл кезеңде қазақ жауынгерлері тек ат үстінде соғысумен шектелмей, жаяу қорғаныс пен мергендік тәсілдерін тиімді пайдаланған. Қазақ әскерінің қарулануындағы өзгерістер Ресей, Бұхара, Хиуа, Қоқан сияқты көрші мемлекеттермен сауда және әскери қатынастар арқылы жүзеге асты. Осындай өзара ықпалдастық нәтижесінде қазақ әскері аймақтық саяси процестерге белсене қатысып, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте жоғары әскери шеберлігін көрсетті.

Қорыта айтқанда, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әскери ісі - көшпелі өркениеттің бейімделгіштігі мен жаңашылдыққа ұмтылысының дәлелі. Бұл дәуір қазақ халқының әскери мәдениетінің эволюциясын және ұлттық мемлекеттілікті сақтау жолындағы күрес тәжірибесін айқын көрсетеді. XVIII ғасырдың бас кезінде қазақтар Орталық Азия көшпенділері арасында алғашқылардың бірі болып от қаруын жаппай қолдана бастады. Бұл олардың соғыс тәсілдеріне жаңа сипат берді - жаяу соғыстың үлесі артты. Алайда тұрақты пехота құрылмады: сарбаздар ұрыс алдында аттарынан түсіп, атыспен шайқасатын. Қазақ жасақтары табиғи жер бедерін және тіпті «тірі қамалдар» - жылқылар мен түйелерді қорған ретінде пайдаланды. Мылтықшылардың басты серіктестері садақшылар мен найзагерлер болды, ал ұрыс тәсілдерінің өзегі дәл ату мен жылдам маневрге негізделді. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ әскери ісінің басты әлсіздігі - арнайы жүйелі дайындық пен артиллерияның болмауы еді. Бұл кемшіліктер Орталық Азия халықтарымен шайқастарда аса ауыр зардап әкелмесе де, Ресейдің тұрақты әскерімен соғыста айқын байқалды. Еуропалық үлгідегі соғыс тәсілдерімен танысу қазақтардың жаяу ұрыс тактикасын жетілдіруге әсер етті. XIX ғасырдың алғашқы жартысында Кенесары мен Садық сұлтан секілді қолбасшылар басқарған жасақтар кейде тұрақты әскерге тең дәрежеде шайқаса алды. Алайда артиллериясы жоқ қазақ жасақтары ұзақ атысқа төтеп бере алмады. Осылайша дәстүрлі көшпелі әскери жүйе өзінің тарихи кезеңін аяқтап, қазақ халқы жаңа - Ресей империясы дәуіріне өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.А. Бобров (Новосибирск) КАЗАХСКАЯ ТАКТИКА ВЕДЕНИЯ БОЯ В ПЕШЕМ СТРОЮ В ПОСЛЕДНЕЙ ТРЕТИ XVI - СЕРЕДИНЕ XIX ВЕКОВ
2. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985, с. 163.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: «Санат», 1996. 656 с.
4. Бобров Л. А., Худяков Ю. С. Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV - первая половина XVIII в.) / Под ред. В. П. Никонорова. - СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2008. - 776
5. Султаны Кенесары и Сыздық. Биографические очерки султана Ахмета Кенесарина. Обработано для печати и снабжено примечаниями Е.Т. Смирновым. -Алма-Ата: Жалын, 1992.-144 с, илл.
6. Левшин, А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей : в 3 ч. / А. И. Левшин. - Санкт-Петербург : Тип. Карла Крайя, 1832. - Ч. 3. С. 34, 45, 47; и др. 03.10.2025, 20:30
7. Ахмедов Б. А. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX. Ташкент, 1988. С. 226; см. также: Шараф-наме-йи шахи // МИКХ.С. 291, 303. 04.10.2025, 18:17
8. Кушкумбаев А.К. - Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. Алматы. Дайк-Пресс. 2001. 182 с.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Қасымжан А.А

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Жылқышыбаева К.К.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

karluwa1970@gmail.com

Алматы қ.

Қазақ халқының құқықтық мәдениеті мен мемлекеттілік дәстүрінің қалыптасу тарихында Қасым ханның есімі айрықша орын алады. XV-XVI ғасырларда Дешті Қыпшақ аумағында жаңа қалыптасқан Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған тұрақты саяси құрылым ретінде орнығу үстінде